

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫМЕН РӨЛІ

Альжанова А.С.

Ғылыми жетекшісі: т.м., аға оқытушы Смағұлов Н.Б.,
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – мемлекет және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру бағытында жасақталған мекеме болып саналады. Көпэтносты Қазақстан үшін тұрақтылықты, этносаралық келісімді қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың маңызды басым бағыттарының бірі, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды жүргізудің негізгі міндеті болды.

Бүгінгі күнде Ассамблея сессиясы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың белгілеуі бойынша, қажеттілікке қарай, жылына кемінде бір рет шақырылады. Ассамблеяның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астана ассамблеяларының құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарын, этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерін, мемлекеттік органдар өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғаларды қамтиды. Қазіргі уақытта Ассамблея жалпы құрамында 394 мүше бар. Біздің елімізде өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Ассамблея қызметі арқасында Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар Ассамблея этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы құралға айналды. Ассамблеяның жұмыс органы Ассамблея Хатшылығы Президент Әкімшілігінің құрылымында дербес құрылымдық бөлім болып табылады. Хатшылықты бір мезгілде Ассамблея Төрағасының орынбасары болып табылатын Хатшылық меңгерушісі басқарады. Осы тетіктер Ассамблеяның мемлекеттік басқару мен қоғамдық қатынастардағы нақты әрекет етуі мен тиімділігінің негізі. Ассамблеяның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ассамблеяларының құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарын – этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерін, мемлекеттік органдар өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғаларды қамтиды. Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған 9 депутат еліміздің барлық этностары атынан өкілдік етеді. Бұдан басқа қазақстандық этностық қоғамдастық өкілдері Парламенттегі өкілдігі өкілді органдарға саяси партиялар арқылы сайлауға тікелей қатысу негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Ата-бабамыз «Елдің іші береке, көптің іші мереке» деп айтқан. Қазіргі сәтте елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері бір атаның баласындай ашық аспан аясында ынтымақ пен бірлікте өмір сүріп жатқандығы даналық сөзімізге айғақ болып тұрғандай-ақ. Еліміздің тыныштығына сызат түсірмеуді мақсат еткен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осыдан 26 жыл бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Жұдырықтай жұмылған ел ғана жарқын болашаққа батыл қадам басады демекші, сол күннен бастап, халықтар арасындағы келісім мен толеранттылықты нығайтуға барша ұлт өкілдері жұдырықтай жұмылып, бір кісідей елімізді дамыту мақсатында орасан зор қызмет атқара бастады.

1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрылған болатын [1, 255 б.]. Үш жылдан соң,

яғни 1995 жылғы 1 наурызда мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы жарлығы шықты. Өз тарихында ассамблея аталған мәртебеден қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті.

2007 жылы 21 мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына айтарлықтай өзгерістер енгізілді, бұдан кейінгі жылдардан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, соның нәтижесінде Ассамблея Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты. 2008 жылғы 20 қаңтарда президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Қазақ даласына тоталитарлық тәртіп жылдары әр қилы саясатпен жер аударылып келген диаспоралардың ұрпақтары Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде Қазақстандық бірегейлікті сақтауға, мемлекеттік ұлттық саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге күш салды [2, 55 б.].

Ассамблея жұмысының басты мақсаты Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Себебі, сол кездегі посткеңестік елдердің барлығында дерлік ұлтаралық ынтымақ, бірлік, татулықты сақтау мәселесі басым болды. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір ұлт өкілдерінің мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік болып табылады, сондай-ақ полиэтносты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде де қалыптасты. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отансүйгіштікке, бауырмашылдыққа тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз зор үлес-еңбегін қосып келеді. Және жастардың патриоттық сезімін оятып, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени саласын одан әрі дамытуға, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету – бұл мекеменің басты саясаты болып саналады [3, 25 б.].

Ассамблеяның негізгі міндеті – диаспорааралық келісімді және әр ұлтқа толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақ ұлтының дәстүрі мен тілін дәріптей отырып диаспоралардың мәдениетінің сақталуына жағдай жасау, қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іс-шаралар өткізу бүгінгі күнде жақсы жолға қойылған. Ассамблея «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобасы, «Ұлы Дала елінің киелі мұрасы» тарихи-экологиялық жобасы сияқты өз жобалары мен акцияларын да өткізеді. Еліміздің жаңа тарихының шешуші кезеңдерінде Ассамблея әрдайым тұрақтандырушы және біріктіруші рөл атқарады. Қазақстан халқы ықпалдастығының бағыттары мен векторларының барлық спектрін көрсете отырып, ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі күрделене түседі. Рухани-мәдени интеграция үдерістерінің маңызды құрамдас бөлігі – тарихи сананы жаңғырту барлық этностарды біріктіруші бірлік негіздері, біздің дүниетанымыздың, халықтың өткені, қазіргі күні және іргелі негізі болып саналады [4, 7 б.].

2021 жылы 21 қазанда Ақорда резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен бейнебайланыс форматында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Президент Қ-Ж. Тоқаев тәуелсіздік жылдарында сындарлы саясаттың арқасында елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісі қалыптасқанын және оның тиімділігін әлем қауымдастығы мойындағанын атап

өтті. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев киелі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отырғанын және еі алдымен қоғамның ішкі тұрақтылығын сақтау керек екенін айта келе: «Қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны – соның айқын көрінісі. Бұл – біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты әрі айнымас стратегиялық бағдарымыз» [5, 7 б.], – деді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы мемлекеттің саяси бағытын-ұлтаралық келісім мен татулықты сақтауға негізделген сындарлы саясатының арқасында әлем жұртшылығына кең танымал тұғырлы мемлекетке айналды. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы ұлы мақсаттар қоя аламыз және сол мақсаттарға жетуге кәміл сенеміз. Ассамблея – татулықтың тұтқасы. Қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісімнің дінгегіне айналды. Мәселен қазіргі таңда этномәдени бірлестіктердің өзінің саны өсуде, олардың саны 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. Сонымен қатар 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр, және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істеуде. Жыл сайынғы мерекелер: Наурыз, Сабантой, Масленица ортақ дәстүрге айналды. Қоғамның бекем бірлігінің арқасында халықаралық саясаткерлердің 30 жыл бұрынғы болжамдары жоққа шығарылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді. Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты. Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Осы орайда 2021 жылдың 21 қазанындағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысында ең алдымен, мүмкіндіктердің тең болу қағидатына негізделген аймақтық дамуды қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аударды. Соның ішінде этникалық анклавтардың туындауына, мәдени және тілдік кедергілерге, этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарға әкеліп соғатын әлеуметтік-мәдени оқшаулануға қатысты қатерлерге тоқталды. Мемлекет басшысы мұндай қатерлердің алдын алу үшін еліміздегі қалалар мен ауылдарда, оқшауланған этникалық аудандар мен кварталдардың қалыптасуы сияқты жағымсыз тенденцияны еңсеруге бағытталған жүйелі шаралар әзірлеу қажеттігін айтты. Сонымен қатар, бірқатар аймақта этникалық топтардың қазақстандық шынайы өмірден алыстауына байланысты «ішкі эмиграция» үрдісі байқалып отырғанына назар аударды [5].

Біздің елдегі бірлік пен қоғамдық келісімнің бастауы – Қазақстан халқының ортақ тарихы. Ғасырлар бойы тағдыр тауқыметіне ұшыраған халықтарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы Дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді. «Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады» деген дана бабаларымыз. Сондықтан да атқаратын игілікті істеріміз халқымыздың болашағын бірлігімізбен берік етсін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» редакциясы, 1998 жыл.
2. «Қазақстандағы этносаралық қатынастар: проблемалары және тарихи тәжірибе» Қызылорда: Тұмар, 2003 – 64 б.
3. Тоғжанов Г.В., Кан В.С. Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк. – Алматы: Раритет, 2010. – 328 б.

4. Түймебаев Ж. Елбасы және Ассамблея: Татулық пен келісім. – // Егемен Қазақстан. – 2019. – 29 сәуір.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. Ақ орда. 2021 ж. 21 қазан.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ АССАМБЛЕЯНЫҢ РӨЛІ

Аудабай Аружан

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Аширбекова Ж.Б.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электронды адресі: audabai.aruzhan@icloud.com

Алматы қ.

Республика тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында елде қоғамның рухани өмірімен, оның әлеуметтік әл-ауқатымен, ұлттық сананың жандануымен байланысты өте күрделі процестер болды. Дәл сол кезде біздің тарихымызда көп нәрсені қайта қарастыра отырып, біздің басты байлығымыз - халықтар достығын сақтау мақсатында 1995 жылы 1 наурызда республиканың қоғамдық-саяси аренасында ұлттық саясат саласындағы жаңа институт-Қазақстан халықтары Ассамблеясы пайда болды. Бұл мақалада Қазақстан халықтарының мәдениетінің дамуындағы Ассамблеяның рөлі, үлесі жайында айтылады.

Шығыс даналығы: "тіпті ең үлкен жол да кішкентай қадамдардан басталады" дейді. Бүгінгі қазақстандық жол шағын қадамдардан басталды. Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресуге мәжбүр болды. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің, қауіп-қатер кезінде бірігіп, біртұтас болу қабілетінің, басқа халықтармен бейбітшілік, келісім және тату көршілікте өмір сүруге деген ұмтылысының арқасында ол тарих ағымында жоғалып кетпеді және өзінің мемлекеттілігін қалпына келтіре алды. Әр түрлі кезеңдерде қазақ жерінде әртүрлі тарихи себептер бойынша әртүрлі ұлттар қоныс аударды. Халықтар арасындағы бірлікті нығайту үшін Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру қажет болды [1, 267 б.].

Бұл мақала Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін және оның елдегі этно-әлеуметтік қатынастарды дамытудағы рөлін талдауға арналған. Қазақстан халықтарының мәдениетінің дамуындағы Ассамблеяның рөлі, үлесі жайында айтылады. Мақалада этносаралық қатынастарды, ҚХА құрылу кезеңіндегі қазақстандық қоғамның этникалық құрылымын және қазақстандық қоғамның этникалық құрылымында болған өзгерістерді дамыту мәселесін қарауға үлкен мән беріледі. Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және мәдениетаралық өзара іс-қимыл саясатын қамтамасыз ету үшін құрылған бірегей институт ретінде қарастырылады.

Жаңа жағдайларда 2050 жылға дейінгі Стратегияны жүзеге асыруға кіріскенде, біз қоғамның әртүрлілігін өз пайдамызға бұруымыз керек. Ассамблея нағыз азаматтық, саяси және жалпыұлттық институтқа айналуы тиіс. Сондай-ақ жалпыхалықтық тарихи сананы дамыту қажет, ол адамның өткеніне болашағына патриоттық көзқарасын қалыптастыруға жұмыс істеуі керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығына сәйкес Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды. Ассамблея құру идеясын ол алғаш рет 1992 жылы еліміздің тәуелсіздігінің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының I форумында айтқан болатын. Қазақстан Президенті ҚХА төрағасы болып табылады.

Қазір Ассамблеяда 394 мүше бар. Бұл негізінен этномәдени бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың өкілдері. Қазақстан бүгінде 130 этнос өкілдерінің ортақ үйі болып